

"Copperberg (Копперберг)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен пайдалы қазбаларды барлау операцияларды жүзеге асыру үшін жер учаскеге жария сервитут белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 12 қаңтардағы № 02/03 қаулысы. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2024 жылғы 30 мамырдағы № 25/08 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 30.05.2024 № 25/08 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер Кодексіне, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, "Copperberg (Копперберг)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры А.С.Гильгенбергтың өтінішін қарастырып, 2022 жылғы 23 қыркүйектегі пайдалы қазбаларды барлау №1849 - ЕЛ лицензия негізінде, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Copperberg (Копперберг)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен пайдалы қазбаларды барлау операцияларды жүзеге асыру үшін, Балқаш қаласы, Саяқ кенті, Ащыөзек станциясының солтүстік-шығысында орналасқан, ауданы 1179,49 га жер учаскесіне жер пайдаланушылардан жер учаскелерді алып қоймай 2028 жылдың 23 қыркүйегіне дейінгі мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. "Copperberg (Копперберг)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеу, шығындардың мөлшері және оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен анықтау (келісім бойынша).

3. "Балқаш қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Руслан Косемғалиұлы Сыздықовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК